

"Қалакоммуншар" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы заем қаражатын тартуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 ақпан N 293

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қалакоммуншар" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Заемшы) заңнамада белгіленген тәртіппен тартатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы заем қаражаты есебінен қаржыландырылатын "Астана қаласының тұрмыстық қалдықтарын жоюды жаңғырту және экологиялық жағдайын жақсарту" инвестициялық жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті шегінде мемлекеттік емес заемды тарту жөніндегі Заемшының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуі ретінде несие берушіге жалпы сомасы 19 660 000 (он тоғыз миллион алты жүз алпыс мың) АҚШ долларына Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін;

Заемшымен көрсетілген мемлекеттік кепілдікті беруге байланысты туындайтын оның Қазақстан Республикасының алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз етуі туралы тиісті келісім жасалсын.

3. Заемшы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1963 P001963_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына 3-қосымшада:

"Отын-энергетика кешені" деген салалық сектордан кейін мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 6-1 "Қоршаған ортаны қорғау" деген салалық сектормен толықтырылсын:

"Қоршаған ортаны қорғау

6-1 Астана қаласының тұрмыстық қалдықтарын жоюды "Қалакоммунар" МКК
жаңғырту және экологиялық жағдайды жақсарту

4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

2001-2002 Испания Үкіметі 19,66 Заемды игеру
Кепілдік мөлшері

9 ! 10 ! 11 !

12,68 6,98
19,66

"барлығы" деген жолдағы 6-бағандағы "1321,94" деген сан "1341,60"

деген санмен ауыстырылсын, 10-бағандағы "372,14" деген сан "384,82" деген
санмен ауыстырылсын, "200,00" деген сан "219,66" деген санмен
ауыстырылсын, 11-бағандағы "395,76" деген сан "402,74" деген санмен
ауыстырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК